

Ата-аналар жиналысы

№1 ХАТТАМА

Күні: 26 қыркүйек 2025 жылы.

Өткізілген орны: спортзал.

Қатысқандар: Ата-аналар – 20, директор, әдіскер, медбике, іс жүргізуші.

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына алға қойған мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру.
2. Бөбекжайдың күн тәртібі және ішкі тәртібімен таныстыру. Ақша жинауды болдырмау туралы.
3. Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстары.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай директоры Балгабаева Д.С. сөз сөйлеп, ата - аналарды бөбекжайдың негізгі мақсаттары мен міндеттерімен таныстырды.

- Құрметті ата - аналар, сіздерді жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Мектепке дейінгі жастағы баланың жан – жақты дамуы біздер мен сіздердің, яғни ата - ана мен балабақшаның бірлескен жұмысына байланысты. Олай болса, бала тәрбиесіне бей - жай қарамай, екі жақтап бірігіп жұмыс жасауға шақырамын. Балабақшада биылғы жылы 10 топ жұмыс жасауда, оның ішінде 2 сәбилер тобы, 2 ортаңғы топ, 4 ересектер тобы және 2 мектепалды даярлық топтары бар.

Одан әрі, бөбекжай директоры бөбекжайдың материалдық – базалық жағдайы туралы сөз қозғады.

- Ақтау қалалық білім бөлімі бөбекжайымыздың музыка залына қаражат бөліп, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Осы ай көлемінде аяқталуы тиіс.

Сөз алды: №8 «Айналайын» тобының ата-анасы Тюрина Аида Владимировна - бүгінгі ата-аналар жиналысын жасағаныңыз үшін рахмет. Бөбекжайымыз ұнайды, балабақша әкімшілігі қай мезгілде, қандай сұрақтармен барсақ та толық, нақты жауап беріп отырады. Тәрбиешілер өте сыпайы, ілтипатты, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Таңертеңгілік бөбекжайға келген кезде міндетті түрде ертеңгілік жаттығулар өткізіліп, балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу дұрыс жолға қойылғандығын көреміз. Биыл бөбекжайдың музыка залын жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатырғаны қуантады. Өз сөзімді қорыта келе бөбекжай әкімшілігіне және ұжымға үлкен алғысымды білдіремін.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер **Аргенова Р.К.** ата – аналарды бөбекжайдың күн тәртібімен таныстырды.

- Балабақшамызда күн тәртібі балаларды қабылдаудан басталып, ертеңгілік жаттығулар жасаумен жалғасады. Таңертеңгі қабылдау кезінде тәрбиешілер балалар денсаулығына бақылау жасап, тексереді. Күн тәртібінің осылайша орындалуын әкімшілік үнемі қадағалап отырамыз.

Бөбекжай директоры Балгабаева Д.С. ата – аналарға ішкі тәртіптің бірі - **ақша жинамау** бойынша нақты айтып өтті. Мереке қарсаңында немесе басқа да шаралар кезінде бөбекжай педагогтеріне сыйлыққа ақша жинауға жол берілмейтінін және бөбекжай тобына құралдар сатып алуға болмайтынын ашып айтты.

Сөз алды: №11 «Бәйтерек» тобының ата-анасы **Перминова Наталья Владимировна** – бөбекжай жұмысына толық көңіліміз толады. Тоқтала кететін болсам балалармен жиі спорттық ойындар, жарыстар, әр түрлі саяхаттар үнемі ұйымдастырылып отырылады. Бұл шаралар арқылы балалардың денсаулығы нығайып, мықты болады деп ойлаймын. Әрі қарай да барлығымыз бірігіп бөбекжайдың көркейтп, қолымыздан келден жұмысына араласып көмек көрсетуге дайынбыз. Осы топтағы ата – аналар атынан бір сұрағым бар еді: Балалардың ойын алаңдарын ауыстыруға немесе жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктер жоқ па? - деп сөзін аяқтады.

Жауап: директор Балгабаева Д.С.:

- Ойын алаңдарын жөндеу немесе жаңасына ауыстыру бөбекжай әкімшілігінің алға қойған міндеттерінің бастысы. Себебі, бала өмірі мен денсаулығы біз үшін бірінші орында. Сондықтан, алдағы жылға қаржы қарастырып, толықтай ауыстыру жоспарда бар.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі **Тимирова Н.И.** сөз сөйледі. Ол ата-аналар үшін балаларға жасалатын **вакцинациялар** туралы айтып, екпенің маңызын түсіндірді. Сондай-ақ, дұрыс тамақтану кестесі, тағамдардың құрамы мен сапасы жөнінде баяндады.


Сөз алды: №7 «Өнер» тобының ата-анасы **Джаргалаева Дирига Кайратовна** өз сөзінде –екпенің бастапқы курсынан кейін вакцинация орта есеппен 12 айдан кейін қайталанады; кейінгі күшейткіш егулер 3 жыл сайын жүргізілетінін айтты, тұмау, ОРВИ кезінде вакцинация жасауға болмайды. одан әрі, бөбекжай жұмысына көңілі толатынын айтып, топ тәрбиешілері қандай мәселе болса да, ата-аналармен байланысып, ақылдасып тұратынын түсіндірді.

Шешімі:

1. Бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылына алға қойған міндеттері мен мақсаттары толықтай жүзеге асырылсын.
2. Балабақша базасында ақша жинамау тәртібі қатаң сақталсын.
3. Бөбекжайдың күн тәртібі мен ішкі тәртібі сақталсын.

Төрайым:

Хатшы:



Балгабаева Д.С.

Аргенова Р.К.